«Маңғыстау-Тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестік

Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстау-Тазалық»

130300, Қарақия ауданы , Құрық селосы Досан Батыр көшесі, № 4 ғимарат, тел 2-24-15
Есеп шот KZ449650000155426292 , МФО IRTYKZKA, БИН 100440005302
НДС 43001 №0001309 от 07.02.2011ж
АҚ «Forte Банк» филиалы Мангыстау обл. Ақтау қаласы

№ «21» 24.02.2020ж.

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы С.Ж.Қасымовқа

Ұйымдастырушы: **"Қарақия аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" ММ-сі**
ҚР, Курык селосы, Досан батыр, 6БСН: 150840019861, ҚР ҚМ Қазынашылық Комитеті РММ-сі ЖСК: KZ32070103KSN4303000 БСК: KKMFKZ2A

"Маңғыстау-Тазалық" ЖШС-гі
ҚР, Курык селосы, Досан батыр, 4 БСН 100440005302, БСК IRTYKZKA ЖСК KZ449650000155426292 "ForteBank" АҚ

ШАҒЫМ

(мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының шешімдеріне қатысты)

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы"Қарақия аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" ММ-мен ашық конкурс тәсілімен №3885020-1 «Құрық ауылы және аумағының санитариясын қамтамасыз ету» сатып алу өткізілген болатын.

20.02.2020 жылғы төменде көрсетілген конкурс қорытындылары туралы хатттамаларына сай, конкурстық комиссия мүшелерінің шешімімен

"Caspian Cargo Group" ЖШС-гін **конкурстық құжаттама талаптары мен біліктілік талаптарына сәйкес деп танылып, жеңімпаз деп жарияланды.**

Конкурстық комиссияның мұндай шешімдерімен толықтай келіспей келесідей жауап береміз.

1. №3885020-1 «Құрық ауылы және аумағының санитариясын қамтамасыз ету» ашық конкурсының Техникалық ерекшелігі талаптары бойынша Жабдықтаушының материалдық ресурстарының бар екендігін дәлелдеуші құжаттар салыну тиіс. "Caspian Cargo Group" ЖШС-нің дәлелдеуші құжаттар есебіне шот-фактуралар ұсынған.

"Caspian Cargo Group" ЖШС-нің ұсынып отырған 07 қазан 2019 жылғы №64 шот-фактурасында жеткізуші «Қолдаутехно» ЖШС-гі және 09 желтоқсан 2019 жылғы №234шот-фактурасында жеткізуші «Салихов» ЖК ҚҚС салығын төлеуші болып табылады.

ҚР-ң 22 сәуір 2019 жылғы Қаржы Министрлігінің бұйрығы бойынша ҚҚС салығын төлеуші мекеме электрондық шот-фактура беруге тиісті, ал аталмыш Жабдықтаушы оларды қағаз жүзінде беріп отыр.

Осыған орай конкурс өтінімінде бекітілген шот-фактуралардағы деректердің дұрыстығы күмән туғызады.

2. №3885020-1 «Құрық ауылы және аумағының санитариясын қамтамасыз ету» ашық конкурсының Техникалық ерекшелігі талаптары бойынша қоқыс қапшығы 600 дана болуы тиіс.

Алайда "Caspian Cargo Group" ЖШС-гінің конкурстық өтінімінде Біліктілігі туралы мәліметтерінде 85 дана көрсетілген.

Демек бұл Жабдықтаушының Материалдық ресурстары конкурстық құжаттама талаптарына сай емес.

3. №3885020-1 «Құрық ауылы және аумағының санитариясын қамтамасыз ету» ашық конкурсының Техникалық ерекшелігі талаптары бойынша келісім шартқа қол қойылған күннен бастап 31 желтоқсанды қамти отыра аяқталуы тиіс. Сонымен қатар аталған конкурстың бекітілген Қосымша 6 (Қызметті сатып алу кезінде Жабдықтаушының біліктілігі жайлы мәліметтер) 6 бөлім 3 тармағында былай көрсетілген:

Материалдық ресурстарды жалдау құқығын растайтын құжат жалдау құқығының электрондық көшірмесі не алдын ала жалдау шартының электрондық көшірмесі болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету мерзімінен кем болмауы тиіс.

Алайда "Caspian Cargo Group" ЖШС-гінің конкурстық өтінімінде ұсынылған барлық келісімшарттар 31 желтоқсан 2020 жылға дейін деп көрсетілген.

Демек шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету мерзімінен кем болып тұр.

Бұл орайда, аталған конкурс бойынша Заңның 4-ші бабында көзделген мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, осы Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер бермеу, әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік қалыптаспаған.

Айтылғандырдың негізінде және Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47,48-ші баптарын басшылыққа ала отырып,

СҰРАЙМЫН:

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы "Қарақия аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі " ММ-мен өткізілген-

№3885020-1 «Құрық ауылы және аумағының санитариясын қамтамасыз ету», мемлекеттік сатып алулары бойынша, қорытынды хаттамаларын заңсыз деп танып, қайта қарауды.

«Маңғыстау-Тазалық»
ЖШС басшысы **А.К.Итыбаева**